



Уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынған, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде су көлігі қозғалысының ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 16 қазандағы № 313-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 20 қарашада № 8918 тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 21) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.10.2020 № 255 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған Уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынған, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде су көлігі қозғалысының ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 184 бұйрығының күші жойылсын деп танылсын (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6188 болып тіркелді, 2010 жылғы 1 маусымдағы № 135 (26196) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланды).

3. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Н. Қанпаров

Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау министрінің
2013 жылғы 16 қазандағы

Уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынған, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде су көлігі қозғалысының ережесі
1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Ереже "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 21) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңы) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынған, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде су көлігі қозғалысының тәртібін айқындайды (бұдан әрі – Қағида).

Балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде кеме қатынасының режиміне келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.10.2020 № 255 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Ереженің күші сарқынды суларды жинақтағышты, балық питомнигі су айдындарын, уылдырық шашу-өсіру су айдындарын, тоғандық және көл-тауар шаруашылықтарының су айдындарын, сондай-ақ балық және басқа су жануарларын өсіру үшін пайдаланылатын басқа да жасанды су айдындарын қоспағанда, барлық балық шаруашылық су айдындарына таралады.

3. Осы Ережеде келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) кеме – Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық бақылауындағы, ішкі суларда жүзетін кеме, кеме қатынасы мақсатында пайдаланылатын өздігінен жүзетін немесе өздігінен жүзбейтін жүзбелі құрылғы, оның ішінде "өзен-теңізде" жүзетін кеме, паром, техникалық флот кемесі (су түбін тереңдетуші және су түбін тазартушы снарядтар, жүзбелі кран және басқа да осы сияқты техникалық құрылғылар);

2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы басшылықты, сондай-ақ өз өкілеттіктері шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2-тарау. Балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде су көлігі қозғалысының тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Су көлігінің қозғалысы балық және басқа да су жануарларының ортасына және мекендейтін жағдайына кері әсер етпеді есепке ала отырып жүзеге асырылады.

5. Жануарлар дүниесі объектілерін сақтау және олардың уылдырық шашу көші-қоны кезінде балық ресурстарына теріс әсер етуді төмендету мақсатында:

1) түптереңдету және түптазарту жұмыстарын жүргізуге;

2) тіркелмеген және есепте тұрмаған шағын көлемді кемелердің, сондай-ақ борттық нөмірлері жоқ кемелердің жүзуі;

3) белгіленген балықтардың уылдырық шашу орындарында, олардың көбею кезеңінде және суда жүзетін құстардың жаппай ұя салу орындарында катерлердің, моторлы қайықтардың және моторы қосылған басқа да кемелермен жүруге;

4) қоныстану аялдамаларын, бакен орнатуға арналған балық қабылдау бекеттерін және өте қажет жағдайларды (дауыл, апат) қоспағанда, балық аулауға тыйым салынған шекараларда су көлігінің тоқтауына рұқсат етілмейді.

6. Осы Ереженің 5-тармағы 3) және 4) тармақшаларының талаптары ғылыми-зерттеулерді жүзеге асыратын кемелерге, авариялық-құтқару жұмыстарын, тұрақты жүк-жолаушылар тасымалын (паром), балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғауды, кеме қатынайтын жолдарда навигациялық белгілерді орнатуды және қызмет көрсетуді, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды орындайтын кемелерге қолданылмайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 17.02.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Балық және басқа да су жануарларының уылдырық шашуына қолайлы жағдайлар туғызу үшін балық шаруашылығы су айдындарында кемелердің, шағын көлемді флоттардың және басқа да су көлігі құралдарының қозғалысына

кемелерді пайдалануға және кемелерді жөнелту санына шектеу қою арқылы, олардың тиістілігіне тәуелсіз уылдырық шашу кезеңі жарияланғаннан бастап, оның аяқталуына дейін шектеу қойылады.

8. Уылдырық шашу кезеңінде кемелерді пайдалануға мынадай шектеулер қойылады:

1) кемелердің ескіш бұрандасының айналу жылдамдығы 1000 айналым/минуттан көп емес;

2) жеке және заңды тұлғалар үшін жеке меншік құқығындағы кемелердің аспалы және стационарлық моторларының қуаты 20 ат күшінен (бұдан әрі – а.к.) көп емес;

Жайық-Каспий бассейндерінде кәсіпшілік балық аулауды жүзеге асыратын балық шаруашылығы субъектілері үшін – 40 а.к. көп емес;

бекітілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қорғауды жүзеге асыратын балық шаруашылығы субъектілерінің қорықшылық қызметі үшін - 100 а.к. көп емес;

ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру үшін - аспалы моторлар 55 а.к. көп емес, стационарлық моторлар 150 а.к. көп емес;

кеме қатынайтын су жолдарындағы навигациялық белгілерді орнату және қызмет көрсету, жеке және заңды тұлғалардың Ертіс бассейнінде стационарлық қозғалтқыштары бар кемелермен тұрақты жүк-жолаушылар тасымалын (паром) жүзеге асыруы, заңды тұлғалардың Өскемен ГЭС-нен ағыс бойынша төмен қарай 23 км учаскесінде шағын көлемді кемелерді қоспағанда, "Р" сыныпты жазық тонналы кемелермен, стационарлық су лақтыратын қозғағыштары бар, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды, көліктік бақылауды, полиция департаменттерінің табиғат қорғау полициясы бөлімшелерін шектеу қойылмайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.01.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Уылдырық шашу кезеңінде кемелерді жөнелту санын шектеу кеме иесіне және кеме жүргізушіге осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес балық аулауға тыйым салынған, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде кеме қатынасының режиміне келісімді ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлғалар (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – денпортал) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, кеме билеті немесе кеме куәлігі туралы мәліметтерді көрсетілген қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік жүйелерден алады.

Көрсетілген қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі уәкілетті органның уәкілетті тұлғасының электронды сандық қолымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі және сақталады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік қызмет стандартында баяндалған.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.10.2020 № 255 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің карауына жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде құжаттарды қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтінімді осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды және балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған

су айдындарында және (немесе) учаскелерінде кеме қатынасының режиміне келісім береді немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "Жеке кабинетіне" жолданады және сонда сақталады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.01.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіздемелер осы Қағидалардың 3-қосымшасында мазмұндалған.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.10.2020 № 255 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Көрсетілетін қызметті берушілердің кеме қатынасы режимін келісуден бас тартуы көрсетілетін қызметті алушылардың дәлелді бас тартуда көрсетілген барлық ескертулерді жойғаннан кейін қайталама өтінім беру мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.10.2020 № 255 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тарау жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.10.2020 № 255 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс

күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган, лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 25-бабының 2-тармағына сәйкес, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Егер Заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.01.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Уылдырық шашу кезеңінде
балық аулауға тыйым салынған,
сондай-ақ балық аулауға тыйым
салынған су айдындарында және
(немесе) учаскелерінде су көлігі
козғалысының ережесіне
1-қосымша
Нысан

Нөмірі: _____ Берілген күні _____

Балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде кеме қатынасы режимін келісу

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2019 № 166 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Берілді: _____

(заңды/жеке тұлғаның атауы, аты, әкесінің аты (бар болса) тегі)

Кеменің

атауы _____

нөмірі _____ Кеменің _____ тіркеу _____

Кеменің техникалық параметрлері:

Ұзындығы (метрмен)

Ені (метрмен)

Шөгуі (сантиметрмен, метрмен)

Кемедегі ескіш бұрандалардың айналу жылдамдығы (айн/мин)

Кеменің типі

Кеменің маркасы

Қозғалтқышының қуатты

Кеме қатынасының мақсаты

Қозғалыс мерзімі 20 ___ жылғы ___ бастап ___ дейін
Қозғалыс бағдары

Тұрақ орны

Қосымша шарттар

Аталған келісімнің көшірмесі бақылау үшін жіберіледі

Аумақтық бөлімше басшысы: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Уылдырық шашу кезеңінде
балық аулауға тыйым салынған,
сондай-ақ балық аулауға
тыйым салынған су
айдындарында және (немесе)
учаскелерінде су көлігі
қозғалысының ережесіне
2-қосымша

(кімге) _____

(уәкілетті орган ведомствосы
аумақтық бөлімшесінің
толық атауы)

(кімнен) _____

(өтініш берушінің толық атауы)

мекенжайы _____

(индексі, қала, аудан, облыс,
көше, үй №, пәтер

№ (бар болса), телефон)

өтініш берушінің

деректемелері _____

(бизнес сәйкестендіру нөмірі,

жеке сәйкестендіру нөмірі)

Балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде кеме қатынасы режимін келісу туралы өтініш

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.10.2020 № 255 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Заңды немесе жеке тұлғаның атауы, аты, әкесінің аты (бар болса)

тегі) _____

Кеме жүргізушінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

Кеменің атауы _____

Кеменің тіркеу нөмірі _____

Кеменің техникалық параметрлері (ұзындығы, ені, шөгуі):

Ұзындығы (метрмен) _____

Ені (метрмен) _____

Шөгуі (сантиметрмен) _____

Кемедегі ескіш бұрандалардың айналу жылдамдығы (айналу/минут) ____

Кеменің типі _____

Кеменің маркасы _____

Қозғалтқышының қуаты _____

Кеме қатынасының мақсаты _____

Қозғалыс мерзімі 20 ____ жылғы _____ бастап _____ дейін

Қозғалыс бағдары _____

Тұрақ орны _____

Кеме билетінің немесе кеме куәлігінің нөмірі және күні _____

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік жайында хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініштің берілген күні 20__ жылғы " __ " _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Уылдырық шашу кезеңінде
балық аулауға тыйым салынған,
сондай-ақ балық аулауға
тыйым салынған су
айдындарында және (немесе)
учаскелерінде су көлігі
қозғалысының ережесіне
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.10.2020 № 255 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.01.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында учаскелерде кеме жүргізу режиміне келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің шаруашылығы комитетінің шаруашылығы инспекциясының көрсетілетін қызметті берушісі
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілі	www.egov.kz "электрондық қызмет" порталы арқылы жүзеге асырылады (портал).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	2 (екі) жұмыс күні ішінде.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны	Электрондық (толық автомат)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде кеме жүргізу режиміне келісім берілуі немесе дәлелді бас тартуы
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақысыз түрде көрсетіледі

	Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	
7	Жұмыс кестесі	<p>1) Көрсетілетін қызметті Республикасының Еңбек код Кодексі және "Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) дүйсенбі – жұма аралығын 18.30-ға дейін, түскі үзіліс 14.30-ға дейін, демалыс күндерінен басқа.</p> <p>2) Порталдың жұмыс кестесі мен жұмыстарын жүргізуге техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы аяқталғаннан кейін, демалыс күндері Кодекске және Заңның ережелеріне жүгінген кезде, өтінішті Мемлекеттік қызмет көрсету орталығына келесі жұмыс күні жүзеге асыру үшін Мемлекеттік қызмет көрсету орталығы мекенжайлары порталда орналасқан.</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>Мемлекеттік қызметті алушы ұсынылады: Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті www.egov.kz "электрондық қызметті алу" порталы арқылы (бұдан әрі – Портал) Ереженің 2-қосымшасына сәйкес бойынша өтініш береді.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орталығы осы мемлекеттік қызметті алу стандартына қосымшаға сәйкес бойынша көрсетілетін қызметті ЭЦҚ-сымен куәландырылған құжат нысанындағы балық аулауға салынған уылдырық шашу және ақ балық аулауға тыйым салу айдындарында және (немесе) жүргізу режимін келісу туралы Жеке басын куәландыратын құжат заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу) туралы, дара кәсіпкерлік тіркеу туралы не дара кәсіпкерлік қызметінің басталғаны туралы немесе кеме куәлігі туралы көрсетілген қызметті беру үшін "үкімет" шлюзі арқылы тіркеу жүйелерден алады.</p> <p>Порталда көрсетілетін қызметті "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті алушы</p>

		көрсету үшін сұрау салудың туралы мәртебе жіберіледі.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) мемлекеттік қызметті алушы мемлекеттік қызметті алушы ұсынған қызметті (немесе) оларда қамтылған мәліметтердің дәйексіздігі;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті (немесе) мемлекеттік қызметті қажетті ұсынылған объектілердің, деректер мен Ережеде белгіленген талаптарға келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушы белгілі бір мемлекеттік қызметті ететін қызметке немесе жағдайға түрлеріне тыйым салу туралы заңға енген сот шешімі (үкімі) болуы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушы заңды күшіне енген сот шешімі негізінде көрсетілетін қызметті мемлекеттік көрсетілетін қызметті байланысты арнайы құқықта</p>
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушы жағдайда мемлекеттік көрсету портал арқылы электрондық қызметті алушы Көрсетілетін қызметті алушы қызметті көрсету тәртібі мен ақпаратты порталдағы "жеке басы бойынша қашықтықтан қол жеткізетін" сондай-ақ мемлекеттік қызметті мәселелері жөніндегі бірінші деңгейдегі орталығы арқылы алуға мүмкіндік Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтері, интернет-ресурстар арқылы ақ "1414", 8-800-080-7777 Баспа орталығы арқылы алуға мүмкіндік</p>